

Халықаралық (өңірлік) қаржы орталығын құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 1226 Қаулысы

Алматы қаласында халықаралық (өңірлік) қаржы орталығын құрудың экономикалық орындылығын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне "Алматы қаласында халықаралық (өңірлік) қаржы орталығын құру" жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - жобаның ТЭН-і) әзірлеу бойынша қызметтерді сатып алу мақсатында "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 132000000 (бір жүз отыз екі миллион) теңге бөлінсін.

2. "The Boston Consulting Group Inc." компаниясы сатып алынудың маңызды стратегиялық мәні бар жобаның ТЭН-ін әзірлеу бойынша қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

3. "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамына заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген компаниямен жобаның ТЭН-ін әзірлеу бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес жобаның ТЭН-ін әзірлеу бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабының 3 және 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі